

Мұнай өндіретін өнеркәсіп объектілеріне арналған санитариялық ережелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 29 шілдедегі № 561 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 24 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6435 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылдың 18 мамырдағы № 362 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.05.18 № 362 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 5) тармақшасына, 145-бабының 1), 2), 3), 14), 16), 28) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1 . М ы н а :

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға «Мұнай өндіретін өнеркәсіп объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Жүзбелі бұрғылау қондырғыларын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (К.С. Оспанов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті (Ф.Б. Бисмильдин) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны ресми жариялады қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің:

- 1) «Өнеркәсіп гигиенасы жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды бекіту туралы» 2005 жылғы 29 маусымдағы № 305 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3764 болып тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2005 жылғы 4 қарашада, № 140-141 (765) жарияланған);

2) «Жүзбелі бұрғылау қондырғыларын ұстап-күтуге және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» атты

санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды бекіту туралы» 2005 жылғы 7 шілдедегі № 329 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3774 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілер бюллетені, 2006 ж. № 3-4, 208-құжат жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жауапты хатшысы Б.Н. Садықовқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі Ж. Досқалиев
«Келісілген»
Қазақстан Республикасы
Мұнай және газ министрінің м.а.
Қ. Сафинов

2010 жылғы " " _____
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
2010 жылғы 29 шілдедегі
№ 561 бұйрығына 1-қосымша

**«Мұнай өндіретін өнеркәсіп объектілеріне қойылатын
санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»
санитариялық ережесі 1. Жалпы ережелер**

1. Осы «Мұнай өндіретін өнеркәсіп объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі (бұдан әрі - санитарлық ереже) мұнай өндіретін өнеркәсіп объектілерін жобалауға, күтіп-ұстауға, объектілердегі жабдыққа, санитариялық-тұрмыстық үй-жайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Гигиеналық критерийлер бойынша мұнай өндіретін объектілерге мынадай негізгі өндірістер мен жұмыс түрлері жатады:

- 1) мұнаралық құрылыстар (бұрғылау қондырғыларының құрылысы);
- 2) барлау жүргізетін және пайдаланатын мұнай ұңғымаларын бұрғылау;
- 3) мұнай кен орындарын пайдалану (өндіру, мұнайды алғашқы және кешенді дайындау, қосымша газды өндіру);
- 4) ұңғымаларды күрделі және ағымдық жөндеу;
- 5) ұңғымаларды сынақтан өткізу және игеру;
- 6) тығындау жұмыстары.

3. Осы санитариялық ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар п а й д а л а н ы л д ы :

1) мұнай өндіретін өнеркәсіп объектілері - мұнай және мұнайгаз кен орындарына барлау және әзірлеу, көмірсутегі шикізаттарын өндіру бойынша мұнай операцияларын жүзеге асыратын өнеркәсіп саласы;

2) құрғақ климат - ауаның жоғарғы температурасы қалыптасқан және атмосфералық жауын-шашын аз түсетін құрғақ климат;

3) атмосфераның жерге жақын қабаты - жердің бетінен бірнеше он метрлік биіктіктегі атмосфераның шекаралық қабатының бөлігі;

4) өнім беретін қабаттар - мұнай және газды түзілімдер.

2. Мұнай өнеркәсібі объектілерін жобалауға және күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

4. Объекті құрылысы үшін жер учаскесін таңдау кезінде тиісті аумақтағы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік о р г а н м ы н а :

1) бұрынғы жер учаскесін бойынша пайдалану;

2) жобаланатын объектіні жеткілікті мөлшерде ауызсумен қамтамасыз ету мүмкіндігі ;

3) жер учаскесіндегі радиациялық фон және радон деңгейі;

4) жер учаскесінің санитариялық-қорғаныш аймағынан тыс болуы және жұмыс істеп тұрған объектілердің санитариялық ажырауын ұйымдастыру мүмкіндігі ;

5) жобаланатын объектінің халық денсаулығына жағымсыз әсері тәуекелінің мүмкіндігі айғақтары бойынша жер учаскесін бағалайды.

5 . О б ь е к т і қ ұ р ы л ы с ы н :

1) бұрын мал өлекселері көмілген, уытты қалдықтар көмілген жерлерді п а й д а л а н у ;

2) гамма-сәуле дозалары қуатының деңгейлері сағатына табиғи фоннан 0,2 микроЗивертке а р т у ы ;

3) жер учаскесінде күйдіргі бойынша стационарлы қолайсыз пункттер болуы;

4) санитариялық ажырауларды ұйымдастыру мүмкіндігінің болмауы кезінде жер учаскелерінде жобалауға жол берілмейді.

6. Жұмыс істеп тұрған объектілердің жаңа құрылысы реконструкциясы үшін жер учаскесін таңдау санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды болған жағдайда жүзеге асырылуы тиіс .

7. Жиі ауыстырылатын объектілерді монтаждау және орналастыру кезінде (бұрғылау қондырғылары, ұңғымаларды сынау және игеру үшін ұңғымаларды

күрделі және ағымдық жөндеулерге арналған қондырғылар) өндірістік жабдықтың жекелеген блоктары және орналастыру элементтері осы жыл мезгілінде желдің басым бағытын есепке ала отырып, орналастырылады.

8. Құрамында жоғары көлемде күкіртсутегі бар шикізаттардың келіп түсуі мүмкін объектілерді жақсы желдетілетін аумақта орналастырылады.

9. Мұнай операцияларын жобалау және жүргізу барысында апаттық жағдайлар туындаған жағдайда персоналды және тұрғындарды қорғауға бағытталған іс-шаралар (көшіру, жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарын және басқаларды қолдану) көзделеді және жүзеге асырылады.

10. Аумақта және өндірістік ғимараттарда топталған қондырғыларды, мұнайды кешенді дайындау қондырғыларын, резервуарлы парктерді жертөле үй-жайларына, каналдарға, құдықтарға және жобада көзделмеген басқа да шұқырларды орналастыруға жол берілмейді.

11. Қышқылдар мен сілтілерді сақтауға арналған базисті және шығыс қоймалары елді мекендердің ық жағында, ашық жел соғатын учаскелерде орналастырылады.

12. Жұмысшылардың ағымдық қызмет көрсетуін қажет ететін сыртқы қондырғылар жауын-шашыннан, желден, қардың және құмның басып қалуынан, күн өтуден қорғайтын жергілікті баспанамен жабдықталады.

Ауаның температурасы неғұрлым салқын бескүндікте минус 40 градус Цельсий (бұдан әрі - °C) және одан да төмен болатын аудандарда жұмысшылар үшін қызмет көрсететін жабдық, бақылау-өлшеу құралдары (бұдан әрі - БӨК), автоматтандыру құралдары жылытылатын жабын жабдықталады.

13. Жұмыс аймағының ауасына күкіртсутегі түсуі мүмкін өндірістік үй-жайлардағы және объектілердегі негізгі жұмыс орындары сигнализациясы бар автоматтандырылған газ талдауларымен жабдықталуы тиіс.

14. Ғимараттан шығатын есіктер күкіртсутегі бөлуі мүмкін қондырғылар немесе объектілер орналаспаған жаққа бағытталады.

15. Жұмыс аймағы ауасына зиянды заттар бөлінуі мүмкін өндірістік үй-жайлар ауа алмастыратын жалпы желдету жүйесімен жабдықталады (талаптар бұрғылау қондырғыларына қолданылмайды).

16. Бұрғылау қондырғысы жабынының құрылымында ашылатын терезе көзделеді.

17. Бұрғылау қондырғыларының дизельді қозғалтқыштарының түтін шығаратын құбырларын өндірістік үй-жайларға қатысты желдің басымды бағыттарының ық жағына шығарылады.

18. Қатты суық және ызғарлы климаттық аудандарда (I, II және III климаттық аудандар) өндірістік үй-жайларға кіретін есіктерді тамбурлармен жабдықталады (

талаптар бұрғылау қондырғыларына қолданылмайды).

19. Қарқынды шу шығаратын қондырғымен жабдықталған және жұмыс істеушілер тұрақты болатын өндірістік үй-жайлардың шуды сіңіретін құрылғысы болуы тиіс (талаптар бұрғылау қондырғыларына қолданылмайды).

20. Бұрғылау қондырғыларын жобалау барысында жұмыс алаңын редукторлық үй-жайдан, күш және сорғыш блоктардан шу және діріл о қ ш а у л а н у ы б о л у ы т и і с .

21. Еденің құрылымы және оны пайдалану шарттар метеорологиялық әсерлерден қорғайтын жабыны жоқ құрылыстардың еденінде қақ тұрудың алдын алу көзделуі және еденнің бетін ластан, жағар майдан, химиялық реагенттерден уақтылы тазартуды қамтамасыз етуі тиіс.

22. Бұрғылау қондырғы еденінің құрылымы сұйықтықтар, ластардың, жағар майлар және химиялық реагенттерінің ағып кетуін қамтамасыз етуі тиіс.

23. Шикі мұнайды айдайтын сорғылар орналасқан үй-жайлар жалпы айналым сыртқа тарату желдеткішімен жабдықталуы тиіс.

24. Газды мотормен жұмыс істейтін компрессорлардың сальниктері мен картерлері жергілікті сорғымен жабдықталады.

25. Зиянды заттар бөлумен байланысты тиеу-түсіру жұмыстары жергілікті желдету жүйесі қосылған жағдайда жүргізіледі.

26. Желдету жүйесі жарамсыз және ажыратылған кезде өндірістер мен цехтарды пайдалануға жол берілмейді.

27. Ыстық және өте ыстық климаттық аудандарда қызметтік үй-жайларға және вахталық поселкелердегі жатақханалардың тұрғын бөлмелеріне к о н д и ц и о н е р о р н а т ы л а д ы .

28. Жұмысшылар тұрақты болатын өндірістік үй-жайларда табиғи жарық көзделеді (талаптар бұрғылау қондырғыларына қолданылмайды).

29. Жасанды жарықтандыруды жобалау және пайдалану барысында ортаның жағдайлары (шаң-тозаңның, ылғалдың, күшті әсерлердің, жарылыс қаупінің б о л у ы) е с е п к е а л ы н а д ы .

30. Бұрғылау қондырғыларының үй-жайларындағы, сорғыш станцияларындағы, өндірістік шеберханалардағы жұмыстардың разряды ғимараттар ішіндегі жұмыс өндірісі ретінде айқындалады.

31. Жұмыс алаңында, қабылдағыш көпірде және бұрғылау қондырғыларының сөрелерінде орындалатын жұмыстардың разряды топталған қондырғылардың, мұнай дайындайтын қондырғылардың және резервуарлық парктердің алаңдарында ұнғымалардың ағымдық және күрделі жөндеулерінде ғимараттар ішіндегі жұмыс өндірісі ретінде айқындалады.

32. Негізгі өндірістік ғимараттарды және алаңдарды жасанды жарықтандыру

кезінде жұмысшы беттерінің жарықталуы осы санитариялық ережеге 1-қосымшада көрсетілген нормативтерге сәйкес болуы тиіс.

3. Жабдыққа қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

33. Тіреуіш колонналардың құбырларының қабырғасын қатайту орталықтанған болуы тиіс.

34. Объектілердің ашық алаңдарында, қызмет көрсететін персоналдың тұрақты болуын қажет ететін технологиялық және тоқ беретін жабдықты орналастыруға жол берілмейді.

35. Ашық алаңдарда орналастырылған жабдық автоматтандыру, қашықтықтан бақылау және басқару, жөндеу жұмыстары механикасы құралдарымен жабдыкталады.

36. Кәсіптерде мұнай және газ жинау герметикалық сызба бойынша орналастырылады.

37. Құдықтарда, траншеяларда немесе басқа да тереңдіктерде орналасқан реттейтін және бекітетін арматураның қашықтықтан басқарылуы болуы тиіс.

38. Кәсіптерде ұңғымалардың жұмыс режимін айқындау үшін автоматтандырылған қашықтан бақылау жүйесі көзделеді.

39. Резервуарлық парктердегі, мұнайды кешенді түрде өңдейтін қондырғылардағы және басқа да осыған ұқсас өндірістердегі негізгі реттейтін және бекітетін арматура электр желісімен жабдыкталады.

40. Мұнай өндіретін өнеркәсіптік объектілерде ұңғымаларды қышқылдармен өңдеу кезінде ауадағы зиянды заттардың құрамына зертханалық бақылау жүргізіледі.

41. Мұнай және газ өндіру, жинау, дайындау және тасымалдау объектілерінде қолданылатын жабдық және аппаратура сульфидтік-тотығу әсеріне төзімді болуы тиіс.

42. Жабдықтың фланцты қосылыстары мен бекітетін құрылғыларының күкірттісутегінің әсеріне төзімді тығыздауыш төсемдері болуы тиіс.

43. Бұрғылау жұмыстарын жобалау және іске қосу барысында мына:
1) апатты жағдай туындаған кезде адамдарды қорғау;
2) бұрғылау ертіндісінде күкіртсутегіні бейтараптандыруды қамтамасыз ететін технологияны пайдалану;
3) бұрғылау ертіндісінің құрамын және күкірттісутегіні бейтараптандыруды бақылау жөніндегі іс-шаралар көзделеді және орындалады.

44. Жерасты және күрделі жөндеулер жұмыстары газдың пайда болмауы және жұмыс аймағының ауасы құрамында күкіртсутегінің болуын тұрақты автоматты бақылауды қамтамасыз ету жүргізіледі.

45. Жабдыққа, қондырғыға, объектілерге арналған нормативтік-техникалық және жобалау-құрылымдық құжаттарына мыналар енеді:

1) қолданыстағы стандарттарға сәйкес айқындалатын жабдықтардың шу және діріл сипаттамалары;

2) жұмыс орнындағы және жұмыс аймақтарындағы шудың және дірілдің есептелген деңгейі;

3) қолданыстағы НҚА талаптарына сәйкес орындалған, жобамен көзделген шудан және дірілден қорғау жөніндегі іс-шаралар туралы деректер.

46. Бұрғылау қондырғыларындағы жалпы діріл деңгейі монтаждан кейін рұқсат етілгеннен аспауы және қабылдау комиссиясының акінде тіркелуі тиіс.

47. Вахталардың құрамы түгел болмаған жағдайда бұрғылаудың түсіру-көтеру операцияларын жүргізуге, игеруге, ұңғымаларды жерасты және күрделі жөндеуге жол берілмейді.

48. Жұмыскерлерді тұрғылықты орнынан үлкен қашықтықта (60 километрден (бұдан әрі - км) артық) орналасқан объектілерге жеткізу үшін жайлы көлік құралдары пайдаланылады.

49. Бұрғылау қондырғыларын және жабдықтарды бөлшектеу және құрастыру жұмыстары кезінде өткелдердің саны мен ұзақтығын барынша қысқарту арқылы жұмысты ұйымдастыру сызбасы көзделуі тиіс.

50. Бұрғылау және мұнай кәсібі жабдықтарын жобалау және пайдалану кезінде өндірістік операцияларды орындауды жеңілдететін тиісті жабдық және жұмыс жүргізу тәсілдері көзделеді.

51. Өндірістік жабдықтың орналасуы мен құрылымы жұмыстарды барынша механикаландыру арқылы агрегаттық-тораптық жөндеу әдісін көздеуі тиіс.

52. Атмосфералық ауаның ластануының алдын алу бойынша:

1) резервуарларды резервуарлар паркіндегі газды теңестіргіш жүйемен байланған, жүзбелі қақпағы немесе понтондары бар қазіргі заманғы арматурамен жабдықтау іс-шаралары әзірленеді. Көрсетілген шараларды жүзеге асыру техникалық мүмкін болмаған жағдайда шағылысу-дискілері орнатылады. Резервуардың сыртқы беті сәулені шағылыстыратын мүмкіндігі жоғары бояумен боялмайды;

2) ұңғымаларды бұрғылау және жөндеу барысында мұнайгаздың шығу мүмкіндігін ескерту;

3) аппараттарды және құбырларды үрлеудің жабық жүйелерін қолдану;

4) құрамында күкіртсутегі бар кәсіптік ағынды суларды дайындаудың жабық жүйесін қолдану;

5) қолданылмайтын ұңғымаларды герметикалауды және олардың техникалық жағдайын бақылауды қамтамасыз ету;

6) бекітетін арматуралардың сальниктерін, ұңғымаларды, құбырларды,

аппараттарды және сорғы агрегаттарын герметикалауды қамтамасыз ету;

7) дренажды жүйелердің және кәріз құдықтарын, жабық типтегі мұнай ұстағыштарды герметикалауды қамтамасыз ету;

8) мүмкін болғанда, қосымша өндірілетін газды алау арқылы жағуды қысқарту мақсатында кәдеге жаратуды қамтамасыз ету. Газды жағу күйесіз жағу процессін сақталған кезде жүргізілуі тиіс.

53. Жерасты суларының ластануының алдын алу бойынша мынадай іс-шаралар көзделуі тиіс:

1) кәсіптік ағынды сулар өнімдік қабаттарға айдау алында тазартылуы тиіс;

2) мұнай кәсібінің ағынды суларын оқшауланған терең қабаттарға көму тиісті геологиялық негізделуі және мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органының санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы болған жағдайда жүргізілуі тиіс;

3) мұнай кәсібінің ағынды суларын көму тәсілдері кен орындарын әзірлеу және пайдалану жобаларында көзделуі тиіс.

54. Өндірістік ағынды сулар қабаттарына ағынды суларды айдауды жүзеге асыратын объектілер ағынды суларды айдаудың қолайсыз әсер етуі мүмкін аудандарда жерасты және жерүсті суларының сапасын өндірістік зертханалық бақылауды қамтамасыз етуі тиіс.

55. Су қоймаларына мұнай кәсібінің ағынды суларын, мұнайды өндіру кезінде және ұңғыманы жөндеу кезінде онымен бірге шығатын құмды, сондай-ақ бұрғылау ертіндісінің артық көлемдерін және қақты жіберуге жол берілмейді.

56. Бұрғылау жұмыстарын жүргізу барысында өңделген бұрғылау ертіндісімен топырақ және жерасты суларының ластану мүмкіндігін болдырмайды.

57. Кен орындарын әзірлеу жобасында ұңғымаларды бұрғылау кезінде және басқа да өндірістік процесстерде мұнай өндіру қарқындылығы үшін қолданылатын жерүсті және жерасты суларының беттік-активті заттармен (бұдан әрі – БАЗ) және химиялық реагенттермен ластануының алдын алу жөніндегі іс-шаралар көзделеді.

58. Құрамында БАЗ бар ертінділер және ағынды суларды жалпы және өнеркәсіптік кәріз жүйесіне алдын ала тазартпай жіберуге жол берілмейді.

59. БАЗ-ды және басқа да химиялық реагенттерді қолданатын объектілер жерүсті және жерасты суларының, сондай-ақ қабаттарға айдайтын ағынды сулардың сапасын тиісінше бақылауды қамтамасыз етуі тиіс.

60. Су қоймаларының суы үшін шамамен рұқсат етілген шоғырланушылық белгіленбеген БАЗ-ды және полимерлерді қолдануға жол берілмейді.

61. Кен орындарын әзірлеу және игеру, жекеленген өндірістік объектілерді салу, реконструкциялау және пайдалану жобалары топырақты ластанудан сақтау,

жерді қалпына келтіру және топырақтың құнарлы қабатын сақтау жөніндегі іс-шараларды қамтуы тиіс.

62. Өндірістік қалдықтар арнайы бөлінген орындарда жойылады. Жүйелерде технологиялық регламентпен белгіленген қысым төмендеген немесе артқан жағдайда құрамында БАЗ және химиялық реагенттер бар мұнайды, ағынды суларды айдайтын сорғыларды автоматты түрде тоқтату көзделеді.

63. Апат кезінде төгілген мұнай мен ағынды суды сыйымдылықтарға сорып құйылады, ал құю орындары – кейіннен топырақты қалпына келтіру арқылы бейтараптандырылады.

64. Мұнай ұңғымаларын жөндеу барысында кейіннен кәдеге жарату немесе бейтараптандыру арқылы, ұңғымалардан төгілетін сұйықтықты жинауға арналған герметикалық сыйымдылық пайдаланылады.

65. Өндірістік объектілерді жобалау және пайдалану кезінде өндірістік жабдықтың тотығуының алдын алу жөніндегі іс-шаралар кешені көзделуі тиіс.

66. Құрамындағы күкіртсутегі жоғары болатын мұнайды өндіру кезінде технологиялық аппараттар мен жабдықтардан шығатын газды оларды жөндеуден өткізу, қалпына келтіру немесе іске қосуды тоқтату кезінде кейіннен оны бейтараптандыру арқылы, отты кедергіден өткізіп өртеу арқылы газ желісіне немесе жабық жүйеге жіберілуі тиіс.

67. Кен орындарының аумақтарында және іргелес жатқан аудандарда арнайы автомобиль және технологиялық көлік құралдарының қозғалысы кен орындарын әзірлеу және игеру жобаларымен көзделген қатаң түрде белгіленген бағыт бойынша жүзеге асырылады.

68. Объектілердің, қоршаған ортаның ластануын тудыратын апаттың барлық жағдайлары туралы кәсіпорындардың басшылары халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға дереу хабарлауы тиіс.

5. Санитариялық-тұрмыстық үй-жайларға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

69. Өндірістердің (объектілердің) спецификасына сәйкес қосалқы және санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар жұмыстар жүргізу ауданының климаттық-географиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып, стационарлық немесе жылжымалы орындаумен орналастырылады.

70. Ұңғымаларды бұрғылау және кен орындарын пайдалану кезінде өндірістік объектілерде санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар және құрылғылар осы санитариялық ережеге 2-қосымшаға сәйкес болуы тиіс.

71. Мұнай өндіретін өнеркәсіп объектілерінің жұмыскерлері «Міндетті

медициналық тексеріп-қараулар өткізілетін зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесін, сондай-ақ осындай тексеріп-қарауларды өткізу ережесін және кезеңділігін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 709 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5898 болып тіркелген) жұмысқа түсер алдын ала және мерзімдік міндетті медициналық тексеруден ө т у л е р і т и і с .

72. Жұмыс істеушілер ауыз суға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сай қауіпсіз ауыз сумен қамтамасыз е т і л е д і .

73. Мұнай өнеркәсібінің кәсіпорындары жұмысшыларын шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауды жүзеге асыратын мамандандырылған қызмет немесе объектілер су сапасына зертханалық бақылауды жүргізіледі, ал тасымалданатын сумен жабдықтау кезінде ауыз суды жеткізуге және сақтауға арналған сыйымдылықтарды толтыру, жуу және дезинфекциялау үшін ауызсу станциялары болуы тиіс.

Суды пайдалану нормалары өндірістік процесстердің топтары мен санитариялық сипаттамасына сәйкес санитариялық жабдық пен құрылғыларға жұмсалатын суды есепке ала отырып қабылданады.

74. Жол жүру сипатындағы еңбекпен жұмыс істейтін жұмысшылардың және құрылысы толық аяқталмаған объектілерде жұмыс істеушілердің (мұнараны құрастыру бригадасының, ұнғымаларға ағымдық және күрделі жөндеу жүргізетін бригада жұмысшылары) ауыз суға арналған жеке құтылары болуы тиіс.

75. Ыстық климаттық жағдайларда (сыртқы температура плюс 360 С жоғары) ашық ауадағы өндірісітік объектілерде жұмысшылар ауызсу режимін оңтайландыруға мүмкіндік беретін сусындармен (көк шай, кептірілген жемістерден жасалған сусын, газдалған немесе минералды су) қамтамасыз етілуі т и і с .

76. Вахталық кентті орналастыруға санитариялық-эпидемиологиялық қ о р ы т ы н д ы болуы тиіс.

77. Барлық өндірістік объектілердің жұмыскерлері ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Асханаға дейінгі қашықтық 300 метрден (бұдан әрі - м) аспауы, ал сәйкесінше регламенттелмеген түскі ас үзілісі болатын, үзіліссіз технологиялық процесспен жұмыс істейтін өндірістерде жұмыскерлер үшін - 75 м болуы тиіс. Объектілерге ыстық тамақ жеткізу кезінде санитариялық паспорт негізінде тамақ ішетін пункт ұйымдастырылады. Бұрғылау қондырғысын орналастыру кешенінде бұрғылау бригадаларында жұмыс істеушілер үшін асхана (вагон-асхана) жабдыкталады. Базалық асханадан бұрғылау орнына ыстық тамақты жеткізу және арнайы бөлінген үй-жайда тарату мен тамақтандыру

арқылы ұйымдастыруға жол беріледі.

78. Мұнараны құрастыру бригадаларында жұмыс істеушілер, кәсіптік объектілердің жұмысшыларға және ұңғымаларды жөндеумен, құбыр өткізу құрылысымен айналысатын жұмысшылар үшін тікелей жұмыс орнында жылжымалы асханалар ұйымдастырылады. Базалық асханадан ыстық тамақты жұмыс орнына жеткізуге және арнайы бөлінген үй-жайда тарату мен тамақтандыруға, сондай-ақ егер, жұмыс орнынан асханаға дейінгі қашықтық 300 м аспайтын болса, өнеркәсіптік стационарлық асханаларда ұйымдастыруға жол беріледі.

79. Жұмыс істеушілер арнайы киіммен, аяқ киіммен және жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етіледі.

80. Өндірістік объектілердің құрамында химиялық тазартуды, кір жууды және арнайы киім мен аяқ киімді жөндеуді қамтамасыз ететін орталықтандырылған қызметтер болуы тиіс.

81. Мұнай өндіретін өнеркәсіп объектілерінің жұмыскерлері медициналық-санитариялық қызметтермен қамтамасыз етіледі.

82. Қышқылдар мен сілтілердің қаныққан ерітіндісін, түйіршікті және сусыз каустикалық соданы қабаттап жинайтын, сақтайтын және пайдаланатын объектілерде (бұрғылау қондырғылары және ұңғымаларға күрделі жөндеу жүргізетін қондырғылар) жұмысты механикаландыру қамтамасыз етілуі және бейтараптандыратын ерітінділер мен судың жұмсалмайтын қоры (кемінде 200 литр) болуы тиіс. Судың жұмсалмайтын қоры объектіге су әкелінген сайын ауыстырылуы тиіс.

83. Бұрғылау қондырғысындағы және басқа объектілердегі қойманың құрылымы мен құрастыру сызбасы жуатын сұйықтықтарды дайындауға, кен өндіретін қуыстарды өңдеуге қолданылатын химиялық реагенттермен топырақтың ластану мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
2010 жылғы 29 шілдедегі
№ 561 бұйрығына 2-қосымша

**«Жүзбелі бұрғылау қондырғыларын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»
санитариялық ережесі 1. Жалпы ереже**

1. Осы «Жүзбелі бұрғылау қондырғыларын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі (бұдан әрі - санитариялық ереже) жүзбелі бұрғылау қондырғыларын жобалауға,

құрылысына, пайдалануға және күтіп-ұстауға, технологиялық процесіне, сумен жабдықтауға, кәріздеуге, жарықтандыруға және желдетуге, физикалық факторлар көздерімен жұмыс істеу жағдайларына, тұрмыстық қызмет көрсетуге, медициналық қамтамасыз етуге және қоғамдық тамақтануды ұйымдастыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Осы санитариялық ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылды :

1) жүзбелі бұрғылау қондырғысы (бұдан әрі - ЖБҚ) - теңіз түбіндегі жерасты ресурстарын барлау және (немесе) өндіру бойынша бұрғылау жұмыстарын орындауға арналған кеме (жүзбелі құрылыс);

2) жүзу ауданы шектелмеген бұрғылау кемесі - тіркелу портынан шектелмеген қашықтықтағы жүзетін кеме;

3) комингс - кемеңің палубасындағы саңылуына таңба салу;

4) коффердам - кемедегі тар, газ өткізбейтін бөлік;

5) вахтаның ұзақтығы - жүзбелі бұрғылау қондырғының бортында болу уақытының ұзақтығы ;

6) фидер - кабелмен немесе ауа арқылы берілетін тарату электр желісі;

7) форпик - кемеңің шеткі тұмсығындағы бөлігі;

8) футшток - ашық су қоймасындағы судың деңгейін бақылауға арналған бөліктері бар тақтайша ;

9) шпигат - кемеңің палубасындағы суды борттың сыртына шығаруға арналған саңылау.

2. Жобалауға, құрылысына және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

3. ЖБҚ-ны жобалау, құрылысы және пайдалану санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды болған кезде жүзеге асырылуы тиіс. ЖБҚ-ның жүзу құқығына арналған (бұрғылау кемелері үшін) кемелік санитариялық куәлігі және қондырғыға арналған санитариялық паспорты болуы тиіс .

4. Үй-жайдағы жүретін көпірден, негізгі басқару постысынан айналаны толық шолу мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс. Терезелерде әйнекті тазартқыш қондырғы және әйнекті буланудан қорғайтын құралдар көзделеді.

Жүретін көпірдің (рульдік рубкада) кемінде үш терезесіне жарықсүзгілер (мүмкіндігінше жасыл) орнатылады, рульдеуші жұмыс орны арқасымен сүйеніп отыруға ыңғайлы, биіктігіне қарай реттелетін тіреуішпен жабдыкталады.

5. Радиолокациялық станцияның генераторлық қондырғысы арнайы экрандалған үй-жайда орналастырылады. Радиорубкаға арналған үй-жай тұрғын

үй-жайлармен (радистің каютасын есептемегенде) жапсарлас орналаспауы тиіс. Фидерлік желілер тұрғын үй-жайлар және қызметтік үй-жайлар арқылы жүргізілмеуі тиіс.

6. Бақылаушы аппаратураның басқару пулті радиорубканың үй-жайында орналастырылады, жоғарғы жиілікті таратқыш (бұдан әрі - ЖК), фидерлік желілер және коммуттаушы құрылғылар арнайы экрандалған үй-жайларға шығарылады. Қашықтықтан басқару құралы болмаған жағдайда таратқыштар алдыңғы панелі радиорубканың үй-жайында болатындай орналасуы, ал таратқыштың корпусы ЖЖ фидермен экранның артында орналасуы тиіс.

7. ЖБҚ-ның және тереңсуда суға жүзетін кешендерінің орталық басқару посттары жабық жылу және дыбыстан оқшауланған, желдету жүйесімен жабдықталған үй-жайларда орналастырылады.

8. Пультиң биіктігі оператор жағынан 1000 миллиметрден кем болмауға тиіс. (бұдан әрі - мм). Басқару пультиңдегі индикациялау құралдары оператордың көру аумағында 100 градустан артық емес бұрыш астында, бөлек 1800 мм артық емес биіктікте орналасуы керек. Басқару пультиңнің беті біркелкі жұмсақ болып, әртүрлі жүйенің жұмысын көрсеткіштердің жарықтық индикаторы болуға тиіс.

9. Машина-қазандық, дизельдік, генераторлық, электростанциялардың жабдықтары олармен жұмыс істеуге ыңғайлы және жөндеу-профилактикалық жұмыстарын жүргізу үшін қауіпсіз жағдайда орналасуға тиіс, жүккөтергіш құрылғылар көзделеді, ауыр бөлшектер - аумақтағы жүккөтергіш құрылғымен тасылатын, штаттық орындарда орнатылады.

10. Сәуле беретін жылу, шу, діріл көздері желдету жүйесімен жабдықталған жеке үй-жайларда орналастырылады.

11. Тұрақты жұмыс орындарында 2100 мм кем емес бос биіктік, ал уақытша жұмыс орындарында кем дегенде 1850 мм бос биіктік болуы керек.

3. Технологиялық процессті күтіп ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

12. Барлық еңбек процесстері механикаландырылуы тиіс. Тасымалдау-такелаждау, жөндеу жұмыстары және ауыр заттарды жылжыту стационарлық және жылжымалы көтергіштердің көмегімен, құбырларды түсіру, көтеру, ажырату және жинау, мұнараның ішінде алынған штангалар мен құбырларды ілу - автоматтандырылған құбырлық кілттерді, пневматикалық клиндік ұстағыштарды, көтеріп-тасымалдағыш механизмдерді қолдану арқылы жүргізіледі.

13. Жұмысшы аумағының ауасына зиянды булар және газдар түсуі мүмкін өндірістік үй-жайлар автоматтандырылған сигнализациясы бар газталдауышпен

жа б ды қ т а л а д ы .

14. Бұрғылау ерітіндісі құйылған цистерналар, бұрғылау ерітіндісін айналымға түсіретін және тазалайтын жүйені бұрғылау сорғыштар орналасқан үй-жайлар тұрғын үй-жайларға және басқару постыларына жақын орналаспауға тиіс. Бұрғылау, тампонаждау ерітінділерінің және ұнтақты материалдардың пневмокөліктерінің құбырлары тұрғын және машиналық үй-жайлар арқылы жүргізілмеуі тиіс.

15. Спайдерлік алаңдағы бұрғылау бригадасының жұмысшы аумағы қоршалады. Жұмысшы аумағына жақын жерде жылытылатын тұрмыстық үй-жай көзделеді.

16. Сусымалы материалдарды жинайтын қоймада сыйымдылықтарды химиялық реагенттермен толтыру үшін, жұмысшылардың химиялық материалдармен тікелей жанасуын болдырмайтын, техникалық құрылғылар көзделеді, ал сусымалы шаң туғызатын материалдарды бункерге тиеу үшін - пневматикалық құрылғы қолданылуы тиіс. Шламдарды және құрамында уытты заттар бар өңделген басқа да материалдарды сақтау үшін герметикалық сыйымдылықтар көзделеді.

17. Шлак және құрамында уытты заттар бар өңделген басқа да материалдар герметикалық сыйымдылықтарда сақталуы және уақытында жағаға тасымалдануы тиіс.

18. Сүңгуірлердің шағын және орташа тереңдікке түсуін қамтамасыз ету, сүңгуірлерді түсіруге арналған газ қоспасын беретін қалқанмен, сүңгуірлерге арналған байланыс құралдарымен, сүңгуірлерді түсіру және керекті аспаптарын берудің механикаландырылған жүйесімен жабдықталған жабық үй-жайлар көзделеді. Үй-жайдың ішінде сүңгуірлердің керек-жарақтарын және аспаптарын санитариялық өңдеуден өткізуге арналған ыстық және салқын су құбырларымен, ауыз сумен, себезгі және ағын су жүйесімен жабдықталған орын бөлінеді. Ағаш палубаның торланған төсеніші болуы тиіс. Сүңгуірлік жұмыстар барокамера болған жағдайда жүргізіледі.

4. Жарықтандыру, жылыту, желдету және ауа баптау жүйелеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

19. Барлық үй-жайлар осы санитариялық ережеге 1-қосымшаға сәйкес табиғи және жасанды жарықпен қамтамасыз етілуі тиіс. Ашық палубаға шығатын иллюминаторлар мен терезелердің жалюздері мен перделері болуы тиіс.

20. Микроклиматтың айғақтары осы санитариялық ережеге 2-қосымшаға сәйкес болуы тиіс. Машина-қазандық бөлімшенің, механизмдерді басқару посттарының, компрессордың үй-жайларында, цементтелген сорғыштарда,

ауаның температурасы плюс 28°C жоғары болғанда сырттан берілетін салқындатылған ауаның температурасы плюс 22 градус Цельсийдан (бұдан әрі - $^{\circ}\text{C}$) кем емес, қысқы кезеңде - плюс 18°C кем емес болуы тиіс.

Үй-жайдың ішіндегі ауаның температурасы берілетін ауаның температурасы есебінен төмендеуі плюс 5°C , жұмысшы аумағындағы ауа қозғалысының жылдамдығы секундына 0,3-0,5 артық болмауы керек.

21. Ауаның температурасы ауа арқылы жылыту барысында плюс 40°C аспауға тиіс. Ауаның алмасу көлемі және ауа берудің минимальды нормасы жылдың қысқы кезеңінде ауа баптау барысында осы санитарлық ережеге 2-қосымшаға сәйкес болуы тиіс.

22. Қыздыру құралдарының температураны реттеуге арналған құрылғысы болуы, үй-жайдың анағұрлым салқындау бөлігінің төменгі аумағында орналасуы тиіс. Қыздыру құралдарының құрылымы оны тазалауға ыңғайлы болуы тиіс. Су құбырлары және радиаторлар күйіп қалу қаупін тудырмайтын жерде орналасуы немесе тиісті қоршауы болуы тиіс.

23. Бу жүретін құбырлардың магистральдарын каюталар, медициналық үй-жайлар және қоғамдық үй-жайлар арқылы жүргізуге жол берілмейді.

24. Желдету жүйесінің ауа соратын құрылғылары ластанған ауа, газ, су, қар түспейтін жерлерде орналасуы тиіс, ал шаңмен ластануы мүмкін жерде орналасқан жағдайда ауа сүзгішпен жабдықталуы тиіс. Ауа өткізгіштерді тазалау үшін қақпағы алынатын саңылаулар көзделуі тиіс.

25. Желдету арқылы сырттан келетін ауаны ауатаратқыш жұмыс орындарына беруді қамтамасыз етуі және ол ауаның бағытын өзгертетін және қозғалысының жылдамдығын реттейтін басқару құралдарымен жабдықталуы тиіс. Желдету жүйесінің соратын саңылауы жылу-ылғал-газ-шаң бөлетін көздердің үстіне орналасуы тиіс.

26. Энергетикалық бөлімшелерде, жылу және газ бөлетін басқа бөлімшелерде желдету жүйесінің ауа кіретін және сыртқа соратын саңылауларының орналасуы тұрғын үй-жайларға ластанған ауаның ену мүмкіндігін толық болдырмауы тиіс.

27. Технологиялық кешеннің жарылыс беру қаупі бар үй-жайларындағы желдету жүйесі жасанды түрде сору және табиғи түрде сырттан ауаның енуімен жабдықталады. Уытты және жарылыс беру қаупі бар заттар бөлінуі мүмкін өндірістік үй-жайлар апатты жағдайда автоматты газталдағышпен блокталған және алыстан басқару арқылы іске қосылатын жасанды желдету жүйесімен жабдықталады. Басқару пульты өндірістік үй-жайлардың сыртқы есіктеріне шығарылады.

28. Барлық үй-жайлар жыл бойы, уытты заттар, зиянды газдар және иіс бөлінбейтін үй-жайлардың ауасын қайта циркуляциялаумен қатар, ауаны

кондиционерлеу жүйесімен жабдықталады. Ауаны қайта циркуляциялау үшін қажетті ауаның 30% артық емес көлемі пайдаланылады. Қоғамдық үй-жайларға кондиционерленген ауаны беру перфораторлы панелдер арқылы жүргізіледі.

5. Сумен қамтамасыз етуге және кәріздеуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

29. Әрбір ЖБҚ шаруашылық-ауызсу жүйесімен жабдықталады. Судың сапасы қолданыстағы стандарттар мен санитариялық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың талаптарына сай болуы тиіс.

30. Сумен қамтамасыз ету жағадағы орталықтандырылған шаруашылық-ауызсу құбырынан арнайы сүкүйғыш-кемелермен тасымалдау арқылы немесе тұщытылған теңіз суымен жүзеге асырылады.

31. Суды жағадағы желіден су құйғыш-кемелерге және су құйғыш-кемелерден ЖБҚ-ға беру, ластанудан қорғалған, белгі қойылған шлангалармен және фланцтармен жүзеге асырылады. Шаруашылық-ауызсу қамтамасыз ету жүйесінің шлангілері мен сорғыштары тікелей мақсаты бойынша п а й д а л а н ы л а д ы .

32. ЖБҚ ауызсу және шаруашылық-тұрмыстық сумен қамтамасыз етудің дербес жүйесімен жабдықталған жағдайда, ауызсу ас блогы үй-жайларының су алатын барлық нүктелеріне, ауызсу қайнатқыштарға, сатураторларға, медициналық үй-жайларға берілуге тиіс. Шаруашылық-тұрмыстық қажеттілікке берілетін су ванналарға, себезгілерге, дәретханаларға, монша мен кір жуатын орындарға берілуі тиіс. Унитаздар мен писсуарларға борттың сыртындағы суды қ о л д а н у ғ а ж о л б е р і л е д і .

33. Шаруашылық-ауызсуға қажетті су қоры минималды шығыс нормаларын есепке ала отырып есептелуге тиіс: бөлек қамтамасыз ету жүйесі бойынша сөткесіне 1 адамға - 50 литр (бұдан әрі - л) ауызсу және шаруашылық-тұрмыстық қажеттілікке - 100 л, ал бірлесіп есептеу жүйесі бойынша - 150 л су.

34. Ауыз суды плюс 10⁰С жоғары температурада 5 тәуліктен астам бойы сақтау кезінде оны ауамен баптау немесе консервациялау осы мақсатқа қолданылатын заттарға санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы болған жағдайда ж о л б е р і л е д і .

35. Су сақтауға арналған цистерналардың ағынды суды, отынды, майды және басқа да сұйықтықтарды сақтауға арналған сыйымдылықтармен алатын ортақ орны болмауға тиіс. Цистерналар жапсарлас салынуы немесе олардың мықты корпусы болуы тиіс. Цистерналардың сыртқы беті коффердам жүйесімен қоршалады. Цистерналар Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген материалдардан ж а с а л у ы т и і с .

36. Цистерналар тығыз жабылатын, комингсінің биіктігі кемінде 200 мм болатын мойындықтармен, палубаға шығарылған арнайы басы бар ауалық трубкамиен жабдықталады. Палубаға шығарылған ауалық трубканың ұшы палубаның деңгейінен кем дегенде 400 мм биіктікте орналасуы керек. Футштоктарды қолдануға рұқсат етілмейді. Цистернаны толық тазарту үшін түбі еңістеу және ағытатын тығыны болуы тиіс.

37. Цистерналар жылына екі рет тазартылады және ауызсумен жуылады. Ақауы болған жағдайда коррозияға қарсы жабыны қалпына келтіріледі.

38. Суды 10 тәуліктен артық сақтаған жағдайда, сол сияқты су-құйғыш кемелерден суды қабылдау алдында және тарату желісіне беру алдында ЖБҚ-да тұщытылған суды өңдеуге арналған құралдар немесе зарарсыздандыруға арналған құрылғылар көзделеді.

39. Шаруашылық-ауызсумен қамтамасыз ету жүйесін балласты, өртке қарсы және борт сыртындағы су жүйелерімен біріктіруге жол берілмейді. Шаруашылық-ауызсумен қамтамасыз етуге арналған құбырлар коррозияға қарсы материалдардан жасалады. Су құбырлары басқа сұйықтарды сақтауға арналған цистерналар арқылы жүргізілмеуі тиіс, басқа жүйенің құбырлары шаруашылық-ауызсу сақтайтын цистерна арқылы жүргізілмеуі тиіс.

40. Тұщыту қондырғысына порттың сыртындағы су кем дегенде 2,5 метр (бұдан әрі - м) тереңдіктен алынуы тиіс. Қабылдау патрубканың орналасуы оған порттың сыртындағы ағынды судың және арнайы ерітіндінің түсу мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

41. Минералдаушы тұздардың қорын сақтау үшін желденетін, ауасының температурасы тұрақты +25°C артық емес арнайы құрғақ үй-жай жабдықталады.

42. Су алатын нүктелердің мынадай таңбалануы болады: «ауыз су», «шаруашылық-тұрмыстық су», «борт сыртындағы су». Тұрғын үй-жайларда және технологиялық кешеннің жанында сатураторлық қондырғылар немесе фонтандар жабдықталуы тиіс.

43. Шаруашылық-ауызсумен қамтамасыз ету жүйесін дезинфекциялау пайдалануға беру алдында және жөндеу жұмыстарынан кейін жүргізілуі тиіс. Дезинфекция зауыт жағдайында немесе бортта тұрғанда жүргізіледі.

44. Әрбір ЖБҚ-да өндірістік және шаруашылық-тұрмыстық ағын суларды бөлек жинайтын жүйе көзделуі тиіс. Жүйенің құрылғысы судың иісінің үй-жайлардың ішіне кіруін және таралуын болдырмауы тиіс.

45. Жүйелер суды жинайтын, сақтайтын одан әрі арнайы кемеге немесе жағадағы қабылдағыш құрылғыға жібертін ағынды суды тазалауға және зарарсыздандыруға арналған қондырғылармен немесе құрылғылармен жабдықталады.

46. Тазартудан және зарарсыздандырудан кейінгі ағынды судың коли-индексі - 2500 артық емес, өлшенетін заттардың саны 1 литрге - 100 миллиграмнан (бұдан әрі - мг/л), оттегіге биологиялық қажеттілігі - 50 л/мг артық емес, белсенді хлордың қалдық құрамы - 1,5-нан - 5 дейінгі л/г болуға тиіс.

47. Ағынды суларды сақтауға арналған бір немесе бірнеше цистерна көзделеді, олардың көлемі босату уақытының ұзақтығына қарай анықталады.

48. Цистерналар, ішкі бетін оңай тазартуды қамтамасыз ету үшін, болаттан жасалуы тиіс, тазарту жұмыстарын және дезинфекция жүргізуге арналған мойны, ауалық құбырлары, судың деңгейі жоғарыға жеткенде белгі беретін (көлемінің 80% толғанда) автоматты құрылғысы болуға тиіс. Цистерналарға булау құбыры жүргізіледі. Цистерналар ауызсу сақталатын цистернадан, тұрғын, әкімшілік үй-жайлардан, ас блогынан және азық-түлік қоймасынан, коффердаммен бөлінеді .

49. Кәріз құбырлары медициналық үй-жайлар және ас блогы, асхана, каюта-компаниялар, азық-түлік қоймалары және ауыз су немесе шаруашылық-тұрмыстық су сақталатын цистерналар арқылы жүргізілмеуі тиіс. Техникалық қажеттілікке байланысты газ өтпейтін қабаты бар құбырларды ағытылып - қосылмайтындай жағдайда азық-түлік қоймалары және ауыз су цистерналарынан басқа аталған үй-жайлар арқылы өткізуге жол берілмейді.

50. ЖБҚ жиналған ағынды суды өңдеусіз ашық теңізге жіберу, майдалаусыз және зарарсыздандырмай теңізге ағызуға жол берілмейді. ЖБҚ-да құрамында мұнай бар суды жинап және шығаратын қондырғы болуы тиіс.

51. ЖБҚ-да қалдықтарды жинайтын, майдалайтын, тығыздайтын және зарарсыздандыратын қондырғы көзделеді. Олардың құрылғылары жуу, тазарту және зарарсыздандыруға ыңғайлы болуы тиіс. Қалдықтарды жинайтын контейнерлердің жабылатын қақпағы болуға тиіс.

52. Күш беретін қондырғылардың пайдаланылған қалдықтарын жинау үшін кейіннен оларды өртеу немесе кемеге беру арқылы арнайы жәшік көзделеді.

6. Физикалық факторлармен жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

53. Дыбыстың және дірілдің рұқсат етілген шегінің деңгейлері осы санитариялық ережеге 3-қосымшаға сәйкес болуы тиіс. Шудың қолданылатын нормалары су асты жұмыстарын орындауға немесе орындауды қамтамасыз етуге байланысты ЖБҚ-ғы жұмыс орындарына немесе үй-жайларға қолданылмайды.

54. Шу мен дірілдің деңгейі асып кеткен жағдайда қолданыстағы НҚА талаптарына сәйкес олардың зиянды ықпалын азайтуға бағытталған шаралар к о з д е л е д і .

55. Ұзын толқынды инфрақызыл сәуле көзі болып табылатын жабдықтар, өткізгіш құбырлар және қоршаулардың оқшаулағышы, өткізгіш құбырлардың фланстық қосылыстары мен арматурасы – алмалы-салмалы жылу оқшаулағышы болуы, беті - ашық түске боялуы тиіс.

56. Орта жиіліктегі (бұдан әрі - ОЖ), жоғарғы жиіліктегі, ультрабиік жиіліктегі диапазондарда радиожиілікті байланыс құралдарымен және радиолокаторлармен пайда болатын электромагнит өрісінің деңгейлері (бұдан әрі - ЭМӨ) қолданыстағы НҚА талаптарына сәйкес болуы тиіс.

57. Радиотаратқыштар және ОЖЖ генераторлық құрылғыларының сәуле шығаратын блоктардың тиімді экраны болуы тиіс, олар арнайы бөлінген үй-жайларда орналасуы тиіс, қызметтік үй-жайлар арқылы өтетін таратқыштардың ОЖ фидерлік трактары радиожиіліктегі шахтамен экрандалуы тиіс.

58. Ашық фидердің қызмет көрсетілмейтін үй-жайда орналасқан жағдайда жапсарлас үй-жайдағы алуы экрандалады. Таратқыштар орналасқан және экрандалмаған фидерлік трактар өтетін үй-жайдың есігінде таратқыштардың жұмысы кезінде автоматты түрде іске қосылатын, жарықпен ескертетін табло көзделеді.

59. Радиоактивті заттар қолданылатын және олардан иондаушы сәуле көздері болатын ЖБҚ-да радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар сақталуы тиіс.

7. Тұрғын және қоғамдық қызмет көрсетуге, медициналық қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

60. ЖБҚ-да экипажды орналастыру үшін бір немесе екі орынды, жеке-жеке ұйықтайтын орындарымен, бір мезгілден демалатын экипаж (вахта) мүшелерінің санына сай, каюталар көзделеді, жеке құрамдық бөлігі үшін (30 проценттен артық емес (бұдан әрі - %) - үш-төрт орынды каюталар. Каюталардың алаңы осы санитариялық ережеге 4-қосымшаға сәйкес болуы тиіс.

61. Терең судағы сүңгуірлік кешенде (бұдан әрі - ТСК) жұмыс істейтін сүңгуірлер және экипаж мүшелері, ашық палубаға шықпай бірден каютаға кіруді қамтамасыз ететін, ТСК-нің үй-жайларына жапсарлас тұратын каюталарда орналастырылады.

62. Каюталардың төмендегідей жабдықтары мен аспаптары болуға тиіс: жататын адамның санына қарай - төсектер, төсектің жанына төселетін кілемшелер, екі бөлімшеден тұратын шкафтар, орындықтар, стакан салғыштар, санитариялық тораптары жоқ каюталарда - суық және ішуге арналған ыстық су келтірілген қол жуғышы болуы тиіс.

63. Төсектер және жиһаздар жабық үй-жайдың ауасына зиянды химиялық заттар бөлмейтін әрлендіру материалынан дайындалады. Басынан аяғына дейін қоршау көзделеді. Төсектердің ішкі өлшемдері кемінде 1980 x 800 мм кем болмауы тиіс.

64. Төсектер иллюминатордың және желдету құбырлары тесігінің астында орналаспауы керек. Төсектің ұзына бойы жағы мен басқа жиһаз немесе заттардың арасындағы өтетін жолдың кеңдігі 0,7 м кем емес, ал екі -, үш - және төрт орындық каюталарда параллель тұрған төсектердің арасы - 0,9 м кем емес болуы тиіс.

Жиһаздарды (диван, кресло, орындық) қаптауға қолданылатын материал ауа өткізетін болуы тиіс.

65. ЖБҚ-да ұжыммен демалу үшін үй-жай және ас ішуге арналған каюта-компания, командалық құрам үшін салон, асхана, клуб, спортпен айналысатын үй-жай, кітапхана, ашық палубада орналасқан спорт алаңы, темекі шегуге арналған үй-жай көзделеді және жабдықталады.

66. Кают-компания және асхана ашық палубаға шықпайтындай орналасуға тиіс. Кают-компания және асхананың алаңы бір адамға шаққанда 1 шаршы метрден (бұдан әрі - м²) кем болмауы тиіс.

67. ЖБҚ-да кемедегі төсек әбзелдері және экипаждың арнайы киімін жууға арналған кір жуатын орын көзделеді. Команданың арнайы киімін, сүңгуірлердің іш киімдері және төсек әбзелдерін жуу үшін жеке кір жуатын машиналар орнатылады.

68. Кір жуатын орнының және оның жабдықтарының орналасуы жуылатын заттарды өңдеу және жуу үдерісі ағынын тоқтатпауды қамтамасыз етуге тиіс. Сүңгуірлердің іш киімі зарарсыздандырылады. Экипаж және сүңгуірлердің киімдерін және төсек әбзелдерін кептіру және үтіктеуге арналған үй-жайлар бөлек болуы тиіс.

69. Кір жуатын орынның кіретін есігін тұрғын, медициналық үй-жайлардың және ас блогының есігімен қатар орналастыруға жол берілмейді. Кір жуатын жердегі іріктейтін орынның металдан қоршалады. Іріктейтін, сүйрейтін және палуба алаңының суға шыдамды жабындысы болуы тиіс. Суды ағызатын ағынды қарастырылады.

70. ЖБҚ-да экипаж мүшелері және сүңгуірлердің таза және лас киімдерін сақтайтын жеке шкафтар көзделеді. Лас заттарға арналған қойма кір жуатын орынға жақын, таза киім мен әбзелдер - тұрғын үй-жайларға жақын орналасады, асханалық таза әбзелдер - тамақ ішетін үй-жайларға жақын жерде орналасады.

71. ЖБҚ-да экипаж мүшелерінің санына қарай жұмысшы киімдерін сақтауға арналған жеке шкафтар мен бөлек үй-жайлар көзделеді. Сүңгуірлердің жұмысшы

киімдерін сақтауға арналған жеке шкафтар жеке үй-жайларда орналасады немесе бір үй-жайда болған жағдайда қоршаумен бөлінеді. Шкафтардың есігінде желдететін саңылаулар көзделеді. Дауылдық және арнайы киімдерді кептіретін үй-жайлар киімдерді ілетін және аяқ киімдерді орналастыратын құрылғыларымен жабдықталады. Кептіретін үй-жайлардың біреуін зарарсыздандырушы кептіргіш-камера есебінде қолдану үшін зарарсыздандырғыш қондырғы ретінде п а й д а л а н ы л а д ы .

72. Ашық палубада жұмыс істейтін экипаж мүшелері үшін дауылдық және климаттық киімдері, арнайы аяқ киімдеріне арналған шкафтары бар үй-жайлар кептіретін үй-жайларға, себезгілеу және жуынатын үй-жайларға жақын о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

73. ЖБҚ-да (жеке және жалпы қолданылатын) жуынатын себезгі, дәретханалық үй-жайларға шаруашылық-ауызсуға арналған араластырғыш арқылы берілетін ыстық және суық құбырлары жабдықталады. Үй-жайлардың қабырғалары ылғал өткізбейтін және олардың беттері ылғалға қарсы жабындымен немесе бояумен әрленеді.

74. Әр палубада орналасқан санитариялық-гигиеналық үй-жайлар бірінің үстіне бірі орналастырылады. Дәретханаларды медициналық үй-жайлардың, азық-түлік қоймасының және ас блогының, экипаж мүшелері орналасқан каютаның үстіне орналастыруға жол берілмейді, дәретханаға кіретін есікті ас блогына, асханаға және кают-компанияға кіретін есікке қарсы немесе қатар орналастыруға ж о л б е р і л м е й д і .

75. Жуынатын себезгілер араластырғыш арқылы берілетін ыстық және суық сумен, шешінетін орын - орындықпен, киім және сүртінетін орамалға арналған ілгекпен, іш киім қоятын сөрелермен, айна мен жөкеге арналған сөрелермен ж а б д ы қ т а л а д ы .

76. Жалпы пайдаланылатын жуынатын үй-жайлар араластырғыш арқылы берілетін ыстық және суық су келтірілген қол жуғыштармен, жуынатын керек-жарақтарды қоятын сөрелермен және орамал мен киімдерге арналған ілгектермен ж а б д ы қ т а л а д ы .

77. Жалпы қолданылатын дәретханалардың унитаздың санына қарай бөлек кабиналары болуы тиіс. Әр кабинада дәретханалық қағазды ұстатқыш, унитазды тазалауға арналған щетка және оны сақтайтын ыдыс, киімге арналған ілгек, дауыл кезінде ұстағыштар болуға тиіс. Унитаз бен писсуардың суын ағызу үшін аяқ басатын педалы болуға тиіс. Тамбурда қолжуғыш, сабын қоятын сөре, электроорамал немесе қол орамал ілуге арналған ілгек болуы керек. Ас блогының персоналы үшін есігінде: «Ас блогының персоналына арналған» деген жазуы бар жеке дәретхана көзделеді. Жалпы пайдаланылатын қол жуғыштар, ванналар және жуынатын себезгілерді дәретханамен бір үй-жайда орналастыруға

ж о л

б е р і л м е й д і .

78. Әйелдердің гигиенасына арналған үй-жайларда «биде», қол жуғыш, қол орамалға арналған ілгек және аяқпен басатын құрылғы болуы тиіс. Әйелдер гигиенасына арналған бөлек үй-жай болмаған жағдайда аталған жабдықтар әйелдер дәретханасының бір кабинасында орнатылады.

79. Себезгілеу секциясының минимальды алаңы - 0,8 м²; себезгілеу кабинасының - 1,2 м²; жуынатын себезгісі, қол жуғышы, унитазы бар жеке қолданылатын санитариялық тораптың алаңы - 2,3 м²; ваннасы, қол жуғышы және унитазы бар жеке қолданылатын санитариялық тораптың алаңы - 4,0 м² (ванна мен қарама-қарсы жақтың арасы 70 сантиметрден (бұдан әрі - см) кем болмауы керек). Дәретхана кабинасының алаңы 0,95 м² кем болмауға тиіс. Дәретхана кабиналарының есігі сыртқа қарай ашылуы керек. Бұл өлшемдер санитариялық торапқа кірмейді.

80. Жеке санитариялық тораптармен барлық блок - каюталар және командалық құрамға арналған бір орындық каюталар, сол сияқты сүңгуірлерге арналған каюталар жабдықталады. Жеке санитариялық тораптары жоқ каютада орналасқан экипаж мүшелері үшін жалпы қолданылатын санитариялық-гигиеналық үй-жайлар осы санитарлық ережеге4-қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес жабдықталады.

81. Тұрғын және қоғамдық үй-жайлардың иллюминаторында (терезелерінде) перде болуы керек; жылдың жылы кезеңдерінде маса, шыбын-шіркейден қорғау үшін тор ілінуге тиіс. ЖБҚ-да кеміргіш тышқандарға қарсы қорғаныш шаралары көзделуі тиіс.

8. Қоғамдық тамақтануды ұйымдастыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

82. Ас блогы үй-жайларының алаңы және құрамы экипаждың санына, вахта жүргізудің ұзақтығына, ЖБҚ орналасу ауданына, азық-түлік қорымен толықтыру кезеңіне қарай айқындалады.

83. Камбуз және тамақ ішетін үй-жай бір блокта орналастырылады. Аталған үй-жайлар әртүрлі палубада орналасқан жағдайда ыстық тамақты жеткізу үшін лифтпен жабдықталады.

84. Ас блогы үй-жайларының ішкі беті ашық түсті ылғалға шыдамды материалдармен жабылады, ылғалды тазалау және дезинфекциялау жұмыстарын жүргізуге ыңғайлы болады. Жабынды немесе жылудан оқшаулауға қолдану үшін Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген материалдар пайдаланылуы тиіс.

Ас блогы үй-жайлардың палубасы тағақ болмауы және су өткізбейтін материалдармен жабылуы, олардың шпигатқа еңісі болуға тиіс.

85. Ас блогы үй-жайларын және ондағы жабдықтардың орналасуын жоспарлау тоқтаусыз технологиялық үдерісті қамтамасыз етуі тиіс. Шикі затпен дайын өнімдердің, таза және кір ыдыстардың қарама-қарсы ағыны болуға жол берілмейді. Жабдықтардың құрылымы оның жұмысшы бөліктерін тез ажыратып, жуып және кептіруге мүмкіндік беруі тиіс. Жабдықтар, ыдыс-аяқтар және керек-жарақтар Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген материалдан дайындалуы тиіс.

86. Ас блогының жабдықтарына араластырғыш арқылы берілетін салқын және ыстық (температурасы + 70°C кем емес) ауыз суы келтірілуі тиіс. Ыдыс жуатын және өндірістік ванналардың шүмегі жұмсақ шлангалармен жабдықталуға тиіс. Жуатын ваннамен ағызатын құбырлардың кемінде 20 мм болатын ауалық ара қашықтығы болуға тиіс.

87. Ас блогының үй-жайларында тағамдық қалдықтарды жинауға арналған қақпағы және аяқпен басатын педалы бар таңбаланған бактар көзделеді. Тазалауға керекті заттар белгі қойылып, арнайы қоймалар немесе шкафтарда сақталуға тиіс. Тазалауға керекті заттарды басқа мақсатқа пайдалануға жол берілмейді.

88. Тағамдық қалдықтарды жинауға арналған бактардың 2/3 көлемі толған кезде босатылады, жұмыстың аяғында бактар тазартылады, ыстық сумен жуылады.

89. Камбуздың камбуздық ыдыс-аяқ жуатын орынмен және дайындайтын үй-жаймен жапсарлас орналасқанда бұл үй-жайларды бөліп тұратын жартылай іріктеу орнын қолдануға жол беріледі.

90. Дайындайтын бөлмеде және камбузда шикі, дайын өнімдерді бөлшектеу үшін Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген материалдан жасалған жабындысы бар бөлшектеуші, тұтас темір үстелдер орнатылады. Үстелдердің бұрыштары дөңгелетіледі, жиектері дәнекерленеді.

91. Шикі және дайын өнімдерді бөлшектеуге арнайы белгі қойылған тақтайшалар көзделеді. Бөлшектеуші тақтайшалар ағаштың қатты түрінен жасалуы, бетінде саңылауы жоқ тегіс болуы, арнайы кассеталарда қырынан қойып сақталуы тиіс.

92. Сүңгуірлер үшін тиісті белгі қойылған жеке камбуздық ыдыстар бөлінеді. ТСК ашық палуба арқылы өтетін бөлек құрылыста орналасқан жағдайда сүңгуіршілерге дайын тамақты тасымалдау үшін термостар және қақпағы бар ыдыстар көзделеді.

93. Камбузалық, асханалық және шайға қажетті ыдыстар, жуатын ванналар

Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген материалдардан дайындалуы тиіс. Асханалық ыдыстардың отыратын орын санын есепке ала отырып, кемінде екі жиыны болуы тиіс. Эмальданған ыдыстарды камбуздық және асханалық ыдыс ретінде қолдануға жол берілмейді.

94. Күнделікті жұмсалатын азық-түлікті сақтау үшін тоназытқышпен, шкафпен немесе сөрелермен жабдықталған азық-түлік жіберетін қойма көзделеді .

95. Кают-компания камбуздан және асханадан қашық орналасқан жағдайда мармитпен, тоназытқышпен, таза және лас ыдыстарға арналған үстелдермен, ыдыстарды және буфеттік құралдарды кептіруге және сақтауға арналған шкафтар және сөрелермен, үш бөлімшеден тұратын ванна немесе ыдыс жуғыш машинамен және шыны ыдыстарды жууға арналған екі бөлімшесі бар жуғыш ваннамен жабдықталған буфет көзделеді. Су қайнатқыштар ас блогының үй-жайларынан тыс жерде орнатылады.

Буфетте араластырғыш арқылы келтірілген суық және ыстық суы бар қол жуғыш, қол орамалға арналған ілгек, сабын мен шөтке тұратын сөре болуы тиіс.

96. Асханалық ыдыстарды жуу үшін бөлек үй-жай немесе камбуздың ішінде қоршауы болуға тиіс. Ыдыс-аяқ жуатын үй-жайдың ішінде кір ыдыстарды қабылдайтын және таза ыдыстарды жіберетін бөлек екі терезесі болуы тиіс.

97. Тағамдық азық-түліктердің қорын сақтау үшін шикі өнімдер, гастрономиялық өнімдер, көкөніс және жемістерге арналған салқындалатын қоймалар және құрғақ сусымалы өнімдерге арналған салқындалатын қоймалар қарастырылуы керек. Азық-түліктік шикі заттарды және тағамдық өнімдерді сақтауға арналған температуралық режиммен жағдайлары қолданыстағы НҚА талаптарына сәйкес болуы тиіс.

98. Салқындалатын қоймалар жалпы жылу оқшаулағыш тамбуры бар бір блокта орналастырылады, ол жер ет және ет өнімдерін ерітуге және шабуға қолданылады. Тамбур үстелмен, ет шабатын қалыппен, суық және ыстық ішетін су келтірілген қол жуғышпен, жұмсақ шлангымен және термометрмен ж а б д ы қ т а л а д ы .

99. Бір адамға жұмсалатын тәуліктік азық-түліктің нормасы және азық-түлік қоймасының алаңы осы санитариялық ережеге 5-қосымшаға сәйкес болуы тиіс.

100. Азық-түліктік қоймалары қолдану мақсатына қарай жәшіктермен, сөрелермен, шкафтармен тотықпайтын болаттан жасалған ілгегі бар штангалармен ж а б д ы қ т а л у ы т и і с .

101. Салқындалатын батареялардың қоршауы болуы тиіс. Салқындалатын құбырдың төбелік батареялары болған жағдайда жоғарғы сөрелермен төменгі сөрелердің арасы кем дегенде 600 мм және болмаған жағдайда 200 мм болуы тиіс .

Салқындатылған етті ілуге арналған штангалардың арасы кем дегенде 500 мм , ысталған өнімдер және балықтар үшін - 400 мм. Құрғақ өнімдерге арналған шкафтың іші тотықпайтын немесе мырышталған болатпен қапталуы тиіс.

102. Азық-түлік блогының үй-жайларын күтіп ұстау, тағамдық өнімдерді өндіру, азық-түліктік шикізаттарды сақтау тамақ қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялар талаптарға сәйкес болуы тиіс.

103. Тағамдық азық-түліктерді жеткізу қамтамасыз етуші кемемен немесе вертолетпен жүргізіледі, оның ішінде тез бұзылатын өнімдер және жартылай дайын өнімдер салқындатылған немесе мұздатылған түрінде жеткізіліп, олардың сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттармен қоса жүреді.

104. ЖБҚ-ға таңба қойылмаған етті, қаз, үйректің жұмыртқаларын, инфекциялық ауруларға жағымсыз шаруашылықтардан тауықтың жұмыртқаларын, екінші санаттағы ішек-қарынды, қаннан және бүйрек-бауырдан жасалған шұжықтарды қабылдауға жол берілмейді. Құстың еті ішек-қарынынан тазартылған күйде қабылданады.

105. ЖБҚ-ға азық-түліктік өнімдерді тиеу бір мезгілде шаң-тозаң беретін, жағымсыз иісі бар және санитариялық қауіпті жүктерді тиеумен қатар жүргізілмеуі керек. Азық-түлік өнімдерін тиейтін, сондай-ақ оны алып жүретін адамдар арнайы таза киіммен және аяқ киіммен, қолғаппен қамтамасыз етіледі.

106. ЖБҚ-да ерекше тез бұзылатын азық-түлік өнімдерін сақтау жағдайлары мен мерзімдері тамақ қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялар талаптарға сәйкес болуы тиіс.

107. Ас блогының жұмыскерлері жұмысқа алғаш кірісер алдында, алғашқы және мерзімдік медициналық тексеруден өткізілуі, гигиеналық даярлықтан өтуі қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленген үлгідегі жеке медициналық кітапшасы болуы тиіс.

108. Ас блогында жұмыс істемейтін, медициналық тексеруден өтпеген (экипаж мүшелер арасынан) бөгде адамдарды камбуздық персоналға көкөніс, балықты тазалау, ыдыстарды жуу және дайын тағамдарды үстелге беруге көмектесу үшін пайдалануға жол беріледі.

109. Ас блогының жұмыскерлері арнайы киіммен қамтамасыз етіледі. Арнайы киімді ауыстыру оның ластануына қарай, бірақ екі күнде кемінде бір рет жүргізіледі.

110. Ас блогының жұмыскерлері жеке гигиена ережесін сақтауы тиіс.

111. ЖБҚ-да медициналық көмек көрсету үшін медициналық мақсаттағы үй-жайлар көзделеді. Үй-жайлар тербеліс, шу және дірілдің әсері неғұрлым аз берілетін, энергетикалық бөлімшеден максимальды алыс және ас блогынан оқшауланған жерде орналастырылады және қажетті жұмсақ және қатты

керек-жарақтармен

жабдықталады.

112. Стационардың алаңы бір төсекке 6 м^2 кем емес, екі төсекке - 10 м^2 кем емес, оқшаулағыш бөлме - 6 м^2 кем болмауы керек. Стационар және оқшаулағыш бөлме шайқауға қарсы құрылғылары бар төсектермен жабдықтылып және төсектерге үш жағынан келу мүмкіндігі болуы тиіс. Төсектердің ұзына бойы бір жағынан өтетін жолдың кеңдігі 900 мм, ал екінші жағынан және алдыңғы жағынан - кем дегенде 600 мм болуы тиіс.

113. Оқшаулағыш бөлменің екі кіретін есігі болуы тиіс: ашық палубадан және ішкі үй-жайлардан. Ашық палубадан кіру тамбур арқылы жүргізілуі, ауруларды зембілмен еркін алып кіруді және алып шығуды қамтамасыз етуі тиіс. Медициналық үй-жайлардың жеке санитариялық тораптары болуы тиіс.

114. Өткізгіш құбырлар мен электр кабельдері тігістің астында немесе жалғау қолданбаған қаптамада болуға тиіс. Емханада және оқшаулағыш бөлмеде, медициналық персоналдың каютасында, сүңгуірлер дәрігерінің каютасында телефон орнатылады, стационарда және оқшаулағыш бөлмедегі төсектердің жанынан емханаға, медициналық персоналдың каютасынан басқару рубкасына белгі бергіш көзделеді. Бұрғылау жұмыстарын басқару пултінде алғашқы медициналық көмек көрсету үшін дәрі қобдишасы көзделеді.

115. ЖБҚ-ның жұмыскерлері «Міндетті медициналық тексеріп-қараулар өткізілетін зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесін, сондай-ақ осындай тексеріп-қарауларды өткізу ережесін және кезеңділігін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 709 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5898 болып тіркелген) сәйкес жұмысқа кірісер алдында алдын ала және мерзімдік медициналық қараудан өтуі тиіс.

9. Үй-жайларды күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

116. ЖБҚ-ның үй-жайлары тазалықта ұсталынуы тиіс. Күнделікті үй-жайларды ертеңгі тазартудан басқа, аптасына бір рет ылғалды тазарту жүргізілуі, айына бір рет күрделі жинау жүргізілуі тиіс.

117. ЖБҚ тазалау жұмыстарын жүргізу үшін механикаландырылған құралдармен, басқа керек-жарақтармен, жуғыш және дезинфекциялау заттармен жеткілікті көлемде қамтамасыз етілуі тиіс. Тазалауға қажетті құралдардың тиісті белгілері болуы тиіс.

118. Экипаждың барлық мүшелері төсек әбзелдермен қамтамасыз етіледі: матрац тысымен, жастық, көрпе, қол орамал және төсек әбзелдерімен. Төсек әбзелдері және сүлгілер жеті күнде бір рет ауыстырылады, кемінде үш рет

ауыстыруға жететін артық төсек әбзелдері болуы тиіс.

119. Жастықтар, көрпелер және матрастар үш айда бір рет кептіріледі, желдетіледі, тазартылады. Матадан жасалған көрпелер ластануына қарай, бірақ айына кемінде бір рет жуылуға жатады.

120. Әрбір сүңгуірде кемінде төсек әбзелдері мен іш киімдерінің (аты жазылған) үш жиыны болуы тиіс, олар суға түсердің алдында бір тәулік бұрын жуылуға және зарарсыздандыруға беріледі. Сүңгуірлердің төсек әбзелдері мен іш киімдерін ауыстыру үш күнде бір рет жүргізіледі.

121. ЖБҚ-да жоспарлы түрде эпидемиялық айғақтар бойынша Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген заттармен дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау іс-шаралары жүргізіледі. «Жүзбелі бұрғылау қондырғыларын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесіне 1-қосымша

Үй-жайды табиғи жарықтандыру нормасы

1-кесте

Үй-жайлардың атауы	Табиғи жарықтандыру коэффициенті - ТЖК, %
Тұрғын үй-жайлар	0,5
Қоғамдық үй-жайлар	1,0
Медициналық мақсаттағы (қоймаларындағы) үй-жайлар	1,0
Ас блогының үй-жайлары	1,0
Жүретін көпір (рульді рубка)	2,0
Басқарудың негізгі посты, түсіру мен көтеруді басқаратын пост	2,0
Динамикалық бағыттағы (бұрғылау кемелеріндегі) үй-жайлар	1,5
Радиорубка	1,5
Тірек колонналарының гидрожабдықтарының кабиналары	1,0
Балшықты ерітінді зертханасы	1,0

Ескертпе: Егер ТЖК-нің нормаланған мәнін қамтамасыз ету мүмкін болмаса, үй-жайдың жеке аймақтарына люминесцентті шамдармен жарық беруге жол беріледі. Мұндай жағдайларда ТЖК-нің нормаланған мәндері 50%-дан кем төмендетілмеуі тиіс.

Жүзбелі бұрғылау қондырғылары үшін жарықтың деңгейлері, пульсация көрсеткішінің (Р) және пульсация коэффициентінің (Кп) мәндері

2-кесте

Үй-жайлардың атауы	Жұмыс беті	Жарықтандыруды нормалайтын жазықтық	Минималды жарықтандыру, лк							
			Люминисцентті шамдармен			Қызу шамдарымен				
			Аралас жарықтандыру		жалпы жарықтандыру	Аралас жарықтандыру		жалпы жарықтандыру		
			Жалпы+жергілікті	жалпы		Жалпы+жергілікті	жалпы			
Басқарудың негізгі посты	Палубадан үстелдердің үстінде және аспаптардың шкаласында 0,8 м	көлденең	500	200	150	500	100	100		
		көлденең тігінен			500			300		
Ақпараттық-есептеу кешені	Палубадан үстелдердің үстінде және аспаптардың шкаласында 0,8 м	көлденең	500	200	300	500	100	150		
		көлденең тігінен			300			200		
Динамикалық бағыттағы үй-жай	Палубадан үстелдердің үстінде және аспаптардың шкаласында 0,8 м, ДП заряд кондырғысының шкаласы	көлденең			150			100		
		көлденең тігінен			500			300		
					200			150		
Бұрғылаушының орталық басқару посты	Палубада аспаптардың шкаласында	көлденең			150			150		
		тігінен			200			100		
Электротехникалық бөлік	Палубада, үстелдерде, аспаптардың шкаласында	көлденең	400	200	100	400	100	50		
		көлденең тігінен			200			150		
Компрессорлар үй-жайы	Палубада, аспаптардың шкаласында	көлденең			100			50		
		тігінен			300			200		
Бұрғылау және цементтелген сорғыштар үй-жайы	Палубада, аспаптардың шкаласында	көлденең			100			50		
		тігінен			300			200		
Топырақты, бұрғылау ерітіндісінің зертханасы	Палубадан, үстелдердің үстінде және аспаптардың шкаласында 0,8 м	көлденең			200			100		
		көлденең			750			150	600	75
		көлденең			1000			150	750	75
Рульдеуші құрылғының үй-жайы	Палубада, аспаптардың шкаласында	көлденең			100			50		
		тігінен			300			200		

Превентерлер мен гидроагрегаттар үй-жайлары	Палубада, аспаптардың шкаласында	көлденең			100		50
		тігінен			300		200
Бункерлер, сусымалы материалдар бұрғылау ерітіндісінің ыдысы, виброситтің, құм бөлгіштің мен лай бөлгіштің үй-жайлары	Палубада	көлденең			75		30
Бұрғылау құралдары қапшықтарының қоймасы	Палубада	көлденең			50		20
Спайдерлік алаң, превентерлік алаң	Палубада	көлденең			75		30
Көркейту үй-жайы	Палубада, аспаптардың шкаласында	көлденең			100		50
		тігінен			500		300
Зәкірлі тетікті басқару кабинасы	Палубада, аспаптардың шкаласында	көлденең			100		50
		тігінен			300		200
Сорғыш аккумулятор стансасы	Палубада, аспаптардың шкаласында	көлденең			75		50
		тігінен			300		200
Понтондағы сорғы бөлімшесінің үй-жайы	Палубада, аспаптардың шкаласында	көлденең			75		30
		тігінен			300		200
Бұрғылау және цементтелген сорғыштарды желдету үй-жайы	Палубада	көлденең			100		50
Гидро-фондар шахтасы	Палубада	көлденең			75		30
Тірек колоннасының порталы	Палубада	көлденең			75		30
Тұрақтандырушы колонналар	Траптың баспалдағында	көлденең			50		20

« Жүзбелі бұрғылау қондырғыларын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»
санитариялық ережесіне 2-қосымша

ЖБҚ үй-жайларындағы микроклиматтың нормалары

1-кесте

Үй-жайлардың атауы	Қысқы мезгіл (сыртқы ауаның температурасы плюс 10°C-тан төмен)			Жазғы мезгіл (сыртқы ауаның температурасы плюс 10°C және одан жоғары)	
	Ауаның температурасы, °C	Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы, %	А у а қозғалысының жылдамдығы, м/с	Сыртқы есептегі температураға °C қатысты бөлменің температурасының рұқсат етілген асу деңгейі	ауаның қозғалу жылдамдығы, м/с
Тұрғын (каюталар)	20	40-60	0,15 - 0,25	5	0,15-0,5
Қоғамдық: асхана, кают-компания, буфет, темекі тартатын орын, демалу салоны, кітапхана, спортзал, спорткаюта	20	40-60	0,15 - 0,25	5	0,15-0,5
Өтетін жерлер: дәліз, тамбур	18	-	-	-	-
Санитариялық-тұрмыстық: кір жуатын және үтіктейтін; кептіретін орындар; Киімді, аяқ-киімді жөндейтін шеберхана	16 16 20	- - 40-60	0,15 - 0,25 - 0,15 - 0,25	8 қыс мезгілдегідей 5	0,15-0,5- 0,15-0,5
Санитариялық-гигиеналық: Себезгі бөлмелері, ванналар, моншалар; қолжуғыш, жеке сантораптар ваннамен немесе себезгімен; дәретханалар	25 20 16	- - -	- - -	- - -	- - -
Медициналық каюталар, оқшаулайтын бөлме, дәріхана, стационар; операциялық	21 25	40-60 40-60	0,15 - 0,25 0,15 - 0,25	5 5	0,15-0,5 0,15-0,5
Ас блогының үй-жайлары: камбуздық үй-жайлар; ет, балық, көкөністерді бөлшектейтін орындар, буфеттер	16 16	- 40-70	0,15 - 0,5 0,15 - 0,25	8 5	0,15-0,7 0,15-0,5
Әкімшілік, әкімшілік-шаруашылық, зертханалар	20	40-60	0,15 - 0,25	5	0,15-0,5
Қызметтік: жылу бөлетін аппаратурасы жоқ үй-жайлар; жылу бөлетін аппаратура қойылған үй-жайлар	20 17	40-60	0,15 - 0,25	5	0,15-0,3
Энергетикалық: ОБП болмаған жұмыс алаңында; ОБП бар жұмыс алаңында; ОБП; ұсталар, дәнекерлеу және	төмен емес 122) 20 162) 16 16	- 40 - 60	0,3-0,5 (жұм. аймағы) 0,15-	8 10 5 8	1,0-1,5 (жұм. аймағы)

басқалары; етікші, ағаш шебері; электротехникалық бөліктер		- 1 6 40-60	0, 3 0, 15 - 0,3	8 5	0,15-0,7(жұм. аймағы) 0,15-0,7
Технологиялық кешендердің: ОБП жоқ, жылу бөлетін жабдықтар; ОБП бар алыстан басқару жағдайында жылу бөлетін жабдықтар; О Б П ; ОБП компрессорлық станциялар	1 6 2 0 16	40 - 70 40 - 60 40-60	0,3-0,5 (жұм. аймағы)0,15- 0, 3 0, 15 - 0,3	8 5 8	0,5-1,0 (жұм. аймағы) 0,15-0,7 0,5-1,0 (жұм. аймағы)
Виброситті, лайбөлетін, гидроагрегаттардың және басқа жұмыс алаңдарында Сусымалы материалдарды жинау	17-ден төмен (жұм. аймағы) 12	- -	0, 15 - 0, 3 -	1 0 -	1,0-1,5 (жұмыс аймағында)
Шаруашылық қоймалар және қоймалық қамтамасыз ету	10-нан төмен емес	-	-	-	-

- 1) ауаның салыстырмалы ылғалдылығы ауамен жылыту болған жағдайда
қ а м т а м а с ы з е т і л е д і ;
- 2) жұмыс істемейтін механизмдерде.

Нәтиже беретін температураның көрсеткіштері

2-кесте

Үй-жайлардың атауы	Пайдалану ауданы	ОРТ	
		Жыл мезгілдері	
		жылы	суық
Каюталар: қоғамдық үй-жайлар; медициналық қызметке арналған: спорткаюта:	1	24, 1	-
	2	23, 2	19, 2
	3	19, 7	18, 1
	4	20, 5	19, 0
	5	24,1	19,2
Қызметтік үй-жайлар: жүретін көпір (рульдеуші рубка), басқарудың негізгі посты, ақпараттық-есептеу орталығы, радиорубка, әкімшілік және әкімшілік-шаруашылық үй-жайлар, зертханалар. Жылу бөлмейтін ас блогының үй-жайлары (ет, балық, көкөніс дайындайтын)	1	21, 8	-
	2	21, 8	19, 0
	3	20, 7	19, 0
	4	17, 7	19, 8
	5	21,8	19,8
Энергетикалық үй-жайлардың ОБП-ы, ТСК, ОБП технологиялық кешенінің (бұрғылау, цементтелген сорғы және басқа) үй-жайлары	1	23, 2	-
	2	23, 2	17, 5
	3	21, 8	17, 5
	4	19, 7	18, 0
	5	23,2	18,0

Қысқы мезгілде ауа баптау кезінде ауаның алмасуы және ауа берудің нормалары

3-кесте

Үй-жайлардың атауы	Сырттан келетін ауаның есепті мөлшері		Шығатын ауаның мөлшері	Ескертпе
	Жалпы	1 адамға миним., м ³ /сағ		
Тұрғын үй-жайлар (каюталар)	Есептеу бойынша ассимиляциялауға артық жылу бөлу	33	Келетін ауаның балансы бойынша	Желдетудің жалпы кемелік жүйесі
асхана, кают- компания, демалыс салоны, кітапхана; темекі шегетін орын спорткаюта	Есептеу бойынша ассимиляциялауға артық жылу бөлу сағ/ 15 алмасу Есептеу бойынша ассимиляциялауға артық жылу бөлу	20 2 0 33	Келетін ауадан 2 алмасу/сағ-қа артық 20 алмасу /сағ-қа Келетін ауадан 2 алмасу/сағ-қа артық	Желдетудің автономды жүйесі Жалпы кемелік немесе автономды желдету
кір жуатын; кір үтіктейтін киім, аяқ-киім жөңдейтін шеберханалар, арнайы киімнің үй-жайлары, кептіретін үй-жайлар	" - " 30 алмасу/сағ. 10-12 алмасу/ сағ. 6-8 алмасу/сағ -	3 3 3 3 33 5 0 -	5 алмасу/сағ 40 алмасу/сағ Келетін ауадан 1-2 алмасу/сағ-қа артық 8-10 алмасу/сағ. 10 алмасу/сағ.	Желдетудің автономды жүйесі Жалпы кемелік желдету Желдетудің дербес жүйесі Желдетудің ауа шығаратын автономды жүйесі
дәретханалар ванналар, себезгілер, моншалар, жеке сан. блоктар; қолжуғыштар, шешінетін жер	- - -	- - 33	1 унитазға 50 м ³ /сағ . + 1 писсуарға 25 м ³ /сағ. 10 алмасу/сағ. 10 алмасу /сағ.	Желдетудің автономды жүйесі - -
медициналық каюта, оқшаулағыш бөлме, стационар, емхана, операциялық, дәріхана	Есептеу бойынша ассимиляциялауға артық жылу бөлу	3 3 50	Келетін ауадан 1-2 алмасу/сағ. артық	Желдетудің автономды жүйесі
Камбуздық үй-жайлар көкөністі, етті, балықты, етті бөлшектейтін орын, нан кесетін жер; буфеттің ыдыс-аяқ жуатын орны	" - " 6 алмасу/сағ. Есептеу бойынша ассимиляциялауға артық жылу бөлу	5 0 3 3 33	Келетін ауадан 5 алмасу/сағ. артық 8 алмасу /сағ. 5 алмасу /сағ.	" - " "-" Желдетудің автономды жүйесі
Сақтауға арналған қоймалар: ет, ет өнімдері және балықтарды; сүт өнімдері және жұмыртқаны; көкөніс пен картоп қоймасы; құрғақ өнімдер қоймасы; тәуліктік нан қоры қоймасы	Тәулігіне/2-4 алмасу - Тәулігіне/2-4 алмасу - Тәулігіне/1-2 алмасу - Тәулігіне/4-6 алмасу - Тәулігіне/5 алмасу - Тәулігіне/1-2 алмасу -	- - - - - -	Келетін ауаның балансы бойынша " - " " - " "- Тәулігіне/6-7 алмасу Келетін ауаның балансы бойынша "-	" - " " - " " - " " - " " - " "-

Штурмандық және рульдеу рубкасы, динамикалық бағыттағы ақпараттық-есептеу орталығы, радиорубка, теледидарлық аппаратураның рубкасы, басқару посты	Есептеу бойынша ассимиляциялауға артық жылу бөлу	33	Келетін ауаның балансы бойынша	Желдетудің жалпы кемелік жүйесі
Әкімшілік және әкімшілік-шаруашылық үй-жайлар, зертханалар	8-10 алмасу/сағ	33	Келетін ауадан 2 алмасу/сағ. артық	Желдетудің жалпы кемелік жүйесі
Энергетикалық бөлімшелер: бас және қосымша механизмдер мен қазандықтардың үй-жайлары Жылу, зиянды газ және басқа қоспалар бөлетін көздері бар шеберханалар Жылу, зиянды газ және басқа қоспалар бөлмейтін шеберханалар. Салқындатқыш камералары бар үй-жайды дәнекерлеу шеберханасы аккумуляторлық ОБП Электротехникалық бөлік	Есептеу бойынша ассимиляциялауға артық жылу бөлу (шаманың үлкені алынады) "-" Есептеу бойынша ассимиляциялауға артық жылу бөлу, бірақ 10 алмасудан/сағ кем емес 35 алмасу/сағ. Шығатын ауаның балансы бойынша Регистрдің ережесіне сәйкес. Есептеу бойынша ассимиляциялауға артық жылу бөлу "-"	"-" 50 5 0 - - - 5 0 80	Тұтынатын механизмге келетін ауаның балансы бойынша Келетін ауадан 2 алмасу/ сағ . артық Келетін ауаның балансы бойынша 45 алмасу/ сағ. 20 алмасу/ сағ. - Келетін ауаның балансы бойынша Келетін ауа балансы бойынша	Желдетудің автономды жүйесі "- " "- " "- " "- " "- "
Технологиялық кешеннің үй-жайлары: бұрғылау және цементтелген сорғыштардың үй-жайлары, компрессорлық стансаның, манифольдтың; Бұрғылау ерітіндісінің, бұрғылау қалдықтарын жинайтын сыйымдылықтар; вибросит, құм-лайбөлгіш превентерлер және гидроагрегаттардың үй-жайлары;	10 алмасу/сағ. 10 алмасу /сағ. Есептеу бойынша ассимиляциялауға артық жылу бөлу, бірақ 10-12 алмасудан/сағ. кем емес шеберханаларды желдету	- - -	Келетін ауаның балансы бойынша Келетін ауа балансы бойынша 20 алмасу/сағ. (апаттық тәртіп) Келетін ауа балансы бойынша Энергетикалық бөлімше желдетуіне сәйкес	Желдетудің автономды жүйесі

технологиялық кешеннің шеберханалары				"_" "_"
Шаруашылық қоймалары	10 алмасу/сағ.	-	12 алмасу /сағ.	Жалпы кемелік желдету
Кемені жабдықтаушы қоймалары: шкиперік, майлайтын қоймалары	10 алмасу /сағ.	-	12 алмасу/сағ.	Жалпы кемелік желдету

Ескертпе: Камбузбен каюта-компаниялар, асханалар және басқа бөлмелер қатар орналастырылған жағдайда кіретін ауаның өнімділігі шығатын ауадан 2 алмасу/сағ. артық қабылдануы тиіс.

« Жүзбелі бұрғылау қондырғыларын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесіне 3-қосымша

Дыбыстың рұқсат етілген деңгейлері

1-кесте

Үй-жайлардың, жұмыс орындарының атауы	Октавалық жолақтағы орташа геометриялық мәнді гЦ жиіліктегі дыбыс қысымының (дБ) деңгейлері									Дыбыстың деңгейлері және дыбыстың балама деңгейлері, дБА
	31,5	63	125	250	500	1000	2000	4000	8000	
Технологиялық бағыттағы машиналар мен энергетикалық бөлімшенің үй-жайларында; технологиялық кешеннің үй-жайларында; Бұрғылаушының постында	105 102 98	94 90 86	87 82 78	81 75 72	78 73 68	75 70 65	73 68 63	71 66 61	69 64 59	80 75 70
Орталық басқару посты	91	78	69	63	58	55	52	50	49	60
Қызметтік үй-жайларда, Негізгі басқару постында, радиорубкада, рульдеуде, штурман рубкасында	91 84	78 70	69 61	63 54	58 49	55 45	52 42	50 40	49 39	60 50
Әкімшілік-шаруашылық үй-жайларда, зертханаларда	93	74	65	58	53	50	47	45	44	55
Ас блогында	95	82	74	67	63	60	58	56	54	65

Спортпен айналысатын үй-жайларда; каюта-компанияларда, асханалар, командалар, клубтар, қызыл бұрыштар	9 6 89	8 8 75	7 4 66	6 8 59	6 8 54	6 0 50	5 7 47	5 5 45	5 4 44	6 5 55
Тұрғын үй-жайлар және медициналық қызметке арналған үй-жайлар	82	67	57	49	44	40	37	35	33	45

Дірілдің рұқсат етілген деңгейлері

2-кесте

Үй-жайлардың, жұмыс орындарының атауы	Октавалық жолақтағы орташа геометриялық мәнді гЦ жиіліктегі дірілдеудің (дБ) деңгейлері						Діріл жылдамдатуың түзетілген деңгейлері, дБ
	2	4	8	16	31,5	63	
Технологиялық бағыттағы машиналық үй-жайлардағы жұмыс орындар, энергетикалық бөлімшелерде, орталық басқару постында, технологиялық кешеннің үй-жайларында, ас блогында		100	101	106	112	118	100
Қызметтік, әкімшілік, әкімшілік-шаруашылық үй-жайларындағы, талдау және зерттеу зертханаларындағы жұмыс орындары	98	95	96	101	107	113	95
Қоғамдық үй-жайлар	95	92	93	98	104	110	92
Тұрғын үй-жайлар мен медициналық қызметке арналған үй-жайлар	91	88	89	94	100	106	88

« Жүзбелі бұрғылау қондырғыларын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесіне 4-қосымша

Каюта алаңдарының нормалары

1-кесте

Каюталар	Алаңы, м ²
Комқұрамға арналған бір орындық	7,5
Кіші комқұрамға және командаға арналған бір орындық	6,0
Екі орындық	7,5
Үш орындық	10,5
Төрт орындық	13,5

Каюталардағы санитариялық-гигиеналық үй-жайлардың жабдықтары

2-кесте

Үй-жайлардың жабдықтары	Экипаж мүшелерінің саны, адам	Ескертпе
Бір унитаз	6	Жеке дәретхана, қол жуғыш, себезгі немесе ваннаны пайдаланатын экипаждың мүшелері есепке алынбайды. Медициналық қызметке арналған үй-жайларда, ас блоктарында, энергетикалық бөлімдердің санитариялық-тұрмыстық бөлмелерінде орналасқан дәретханалар, қолжуғыштар, себезгілер немесе ванналар есепке алынбайды.
Бір қолжуғыш	6	
Жуынуға арналған бір орын (ванна немесе себезгі)	6	
Әйелдер гигиенасына арналған қондырғы	30	Біреуден кем емес

Жүзбелі бұрғылау қондырғыларын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесіне 5-қосымша

Бір адамға жұмсалатын азық-түліктің тәуліктік нормасы

3-кесте

Азық-түліктің атауы	Бір адамға шаққандағы тәуліктік норма, кг
Салқындатылған қоймаларда сақталатын азық-түліктер: ет және ет өнімдері балық және балық өнімдері май және майлар сүт және сүт өнімдері көкөністер, картоп жидектер сусындар	0,250 0,200 0,085 0,250 0,950 0,250 0,400
Салқындатылмайтын қоймаларда сақталатын азық-түліктер: Ұн Нан-тоқаш өнімдері (ұнның орнына балама мөлшері) Құрғақ өнімдер (қант, жарма, макарондар, тұз, шай, кофе, кондитерлік бұйымдар және басқа ұқсас азық-түліктер)	0,480 0,600 0,250
Тұздалған азық-түліктер: қоймасында сақталатын ашытылған қырыққабат және басқа да ұқсас азық-түліктер	0,100 - 0,120

Азық-түлік қоймаларының алаңы

4-кесте

--	--

Азық-түліктер	Жүктеме нормасы, кг/м ² (камера биіктігі 2 м кезінде)
Ет	350
Балық, сельдь	350
Май	400
Сүт өнімдері	300
Жұмыртқа	300
Мұздатылған азық-түліктер	500
Консервілер	700
Жаңа піскен және тұздатылған жемістер	500
Жаңа піскен жемістер	500
Сусындар	300
Құрғақ өнімдер	500
Нан	250
Қабаттап жинаған ұн	1000
Бірге сақтау кезіндегі азық-түліктер	250

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК